

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РММ

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
13 маусым 2025 жыл*

ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Материалы международной научно-практической конференции
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

Редакция құрамы:

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер

Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы

Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 373.2
ББК 74.100
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

развивается ребенок и как создать условия для развития его речи и грамотности. Практика показывает, что только системный подход к улучшению качества в детском саду в целом может привести к значительным изменениям в качестве.

Список использованных источников

1. Kiikova, Gaukhar, Altynay Bektemirova, Aizhan Ramazanova, IssinaZhazira, and Sogdiana Chukurova. 2024. "Quality of Early Childhood Education and Care in Kazakhstan: The First Nationwide Study". *Voprosy Obrazovaniya / Educational Studies Moscow* 1 (3). <https://doi.org/10.17323/vo-2024-16870>.
2. Harms, T., Clifford, R. M., & Cryer, D. (2014). Early Childhood Environment Rating Scale, third edition (ECERS-3). New York, NY: Teachers College Press.
3. Киикова, Г. Презентация «Quality of early childhood education and care in Kazakhstan: the first nationwide study». *Международная конференция ECERS*. 18 ноября 2022 года. Онлайн.
4. International Reading Association and National Association for the Education of Young Children. (1998). Learning to read and write: Developmentally appropriate practices for young children. *Young Children*, 53(4).
5. Bus, A. G.; van Ijzendoorn, M. H.; & Pellegrini, A. D. (1995). Joint book reading makes for success in learning to read: A metaanalysis on intergenerational transmission of literacy. *Review of Educational Research*, 65(1).
6. Neuman, S. B., & Roskos, K. (1997). Literacy knowledge in practice: Contexts of participation for young writers and readers. *Reading Research Quarterly*, 32(1).

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА КІТАП ОҚЫП БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна

П.ғ.д., профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ. Қазақстан , Saira1962@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда кітап оқудың теориялық негіздері отандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде анықталған. Балаларға кітап оқудың мүмкіндіктері, балалардың жас ерекшелігіне қарай кітап оқып берудің түрлері, кезеңдері және оқып берудің әдістемесі берілген. Кітап оқудың әдістерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тиімділігі дәлелденіп, ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер. Мектеп жасына дейінгі балалар, кітап оқып беру, дауыстап оқу, интерактивті оқу, электронды оқу.

Мектепке дейінгі балалық шақта қалыптасқан білім беру, адамгершілік, дүниетанымдық, мәдени және физикалық артықшылықтар ұрпақтардың өмір жолын белгілейді, бүкіл өркениеттің дамуы мен жағдайына әсер етеді. Соның ішінде кітап оқу-бұл өзіндік құндылық, өйткені кітаппен қарым-қатынас барысында адам әлемнің өткенін, бүгінін және болашағын ғана емес, сонымен бірге талдауды, ойлауды үйренеді, шығармашылық қабілетін, сөйлеу дағдысы дамиды. Кітап оқу адамның сөйлеуін жақсартады, оны түсінікті, анық, дұрыс, әдемі, бейнелі жеткізуіне әсер етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиетпен таныстыру сөйлеу, кітапқа деген сүйіспеншілігін пен қызығушылығын, әлемге оң көзқарасын дамыту құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Дегенмен, қазіргі таңда адамдардың, балалардың кітапқа деген қызығушылығының төмендеуі әлемдік тенденция болып, көптеген елдерде балалардың өмірінде кітап оқуға деген қызығушылығын оятудың жолдары іздестіріліп зерттеулер жүргізіліп, тәжірибелері таратылуда. Елімізде мектепке дейінгі білім бер сапасын көтеруде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (2021) қабылданып, онда «Қарым-қатынас дағдыларын педагог өзі көрсетуге тиіс. Балалармен диалог жүргізуде педагог қарым-қатынас тәсілдерін көрсетеді, әңгімелесушінің сезімін ескеру қажеттілігін түсіндіреді, сыпайылық пен адамдармен араласу қағидалары туралы айтады. Бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау қажет» делінген [1]. Мектепке дейінгі педагогика тарихында балаларды көркем шығармамен

таныстыру, кітап оқып беру, қайтадан айтып беруге үйретудің әдістемесін зерттеген ғалымдардың еңбектері қалыптасқан. Атап айтсақ, Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегінде (1923) «Бала тілінің шеберлігі» бөлімінде «жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан, олардың сөйлеу мәдениеті толыққанды жетілмейді дейді » деп баланың мектепке дейінгі кезеңнен тілін дамытуға қолайлы кезең екенін ескертеді [2].

В.Н.Андросова Балабақша жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың поэзияға қызығушылығын дамыту (1969) деген зерттеуінде балалардың назарын поэзияның сұрақтарды қолдануды ұсынады[3], Б.Баймұратова «Сәбилердің сөздік қоры мен сөз игеру ерекшеліктері» (1970) зерттеуінде баланың сөздік қоры, сөйлеу деңгейі жайлы мәселелерді ауыз әдебиеті мен балалар әдебиетін сабақтастырып, мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесін ғылыми негізін жасады[4]. А.Б.Бакрадинова өзге тілді мектепке дейінгі балаларға қазақша тілін үйретудің әдістемесін ұсынды[5].

Кейінгі зерттеулерде балалардың қарым-қатынасын (Х.Т.Наубаева (1999), Ж.К.Аубакирова (2002), Атыманова К.Ж (2010), Ғ.З.Таубаева (2005), К.М. Метербаева (2005)) қршаған ортамен таныстыру арқылы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын ұсынды. Аталған зерттеулерді көркем әдебиетті баланы сөйлеуін дамыту, қарым-қатынасын, коммуникативтік дағдыларын дамыту құралы ретінде қарастырылған. Ресей зертеушілері көркем сөз, көркем сурет, көркем ойыншық баланың тілінің дамуында рөлін Е. А.Флерина(1933)[6], кітап оқып беруде естуін дамыту қажеттілігін, «ата-аналардың бірінші міндеті-балалардың есту мүшелеріне ең мұқият күтім жасау, олардың есту қабілетін дамытуға қамқорлық жасау» керек дегенді Е. И. Тихеева(1937)[7], балаларға көркем шығарманы оқып беру және әңгімелеп айту әдістемесін М. М. Кони́на (1950)[8], балалардың көркем сөзге деген сүйіспеншілігін, кітапқа деген құрметін қалыптастыру; балаларға оқуға, айтуға, жаттауға қажет көркем әдебиет туындыларының тақырыптарымен таныстыруды О. С. Ушакова (1990)[9] ұсынды, О. В. Акулова (2000) [10] және басқалардың еңбектерінде көркем әдебиет шығарманы оқып беру, көркем сөзді қолдану мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеуін дамытып, әдеби тілін, сөйлеу лексикасын және көркем сөздің үлгілерін меңгертеді деп тұжырымдайды.

Шетел зерттеулерінде мектепке дейінгі балаларға кітап оқудың ерекшелігі және оқып беру технологиясының көптеген қырлары қарастырылған. Кітап оқып беру балалардың қиялы мен ойын әрекетінің сапасына әсер етеді ([Kohm et al., 2016](#)) коммуникативтік дағдыларын ([Cárdenas et al., 2020](#)); мораль үйрету ([Breitfeld et al., 2021](#)), кітап оқуға тарту ([Son et al., 2023](#)); әлеуметтік-эмоционалды және танымдық дағды, оқығанды түсінуіне ықпал етеді ([Diazgranados et al., 2016](#); [Ebert, 2020](#); [Kim et al., 2018](#); [LaRusso et al., 2016](#)), сөздік қорын молайту, грамматикалық дұрыс сөйлеу, сауаттылық дағдыларын ([Hjetland et al., 2017](#); [Lervåg et al., 2018](#)); әңгімелеу дағдыларын дамытады ([Oakhill & Cain, 2012](#); [van Kleeck, 2008](#)).

В.Норпкин (2009) еңбегінде кітаптарда таныс кейіпкерлер болуы керек деп болжайды: балалар таныс жүздерді көргенді ұнатады. Кітаптар күндіз, күндізгі ұйқы және ұйықтар алдында оқуға арналған кітаптар бар; қарапайым, жағымды оқиғасы бар әңгімелер — ұйықтар алдында балаға тартымды болатын таңдау. Балаларға әртүрлі кітап түрлерімен жұмыс істеуге мүмкіндік беру және заттарды, қуыршақтарды немесе ойыншықтарды пайдалану арқылы кітаптың әртүрлі құндылығы түсінуге мүмкіндік беру керек деген[11]. Chall J.S. (1983) мәліметтері бойынша кітап оқуды дамытудың 6 кезеңге бөледі. Оның алғышқы екі кезеңі: 0 кезең - оқуға дейінгі кезең, шамамен алты айдан алты жасқа дейін бала кітап беттеріне, аталуына, бірнеше сөздерді және фонетикалық қабылдауына қарай оқиғаны қайталайды. 1 кезең - Бастапқы оқу және декодтау (6 – 7 жас); бұл кезеңде балалар дыбыстар мен әріптерді байланыстырады, әріптер мен дыбыстардың таңбалануын біледі[12]. Kertein мен Dahlberg (2004) үлкен кітаптарды пайдалану балалардың тілін дамыту, алдымен кітап қарауды,

оқуды үйренуге мүмкіндік береді, "оқуды және есте сақтауды, көрінетін сөздерді тануды және... оқиғаны таңбалауға және ауызша сөйлеуді жазбаша сөзбен сәйкестендіруді бастайды" [13.91-6]. Әлемдік деңгейдегі зерттеулерде кітап оқып берудің мынандай түрлерін ұсынады: диалогтық оқу, бірлескен оқу ([Dias-Correa et al., 2016](#)), бірлескен интерактивті оқу ([Nielsen et al., 2011](#)), жай кітап оқу / әңгімелер оқу / суретті кітаптар оқу / дауыстап оқу ([Salay, 2018](#)), ата-аналармен бірге талқылауы немесе дискурсы ([Chou, Chang, 2008](#); [Laible, Song, 2006](#)), Диалогтық түрде ата-аналармен бірге суретті кітап оқу (сұрақтар, балаға үлгісін ұсыну, кейін суретін салу арқылы жаттығады), грамматикалық дұрыс сөйлеуі дағдылары қалыптасады (Arnold et al. ([1994](#)))

Мектепке дейінгі балаларға кітап оқу беру когнитивті ынталандырушы және ересектермен және құрдастарымен диалогқа түсуге мүмкіндік болады (J. C Bruner, 1990). Үйде және мектепке дейінгі ұйымда диалогқа түсу арқылы балалармен кітапты бірлескен оқу тиімді. Балалармен бірлескен кітап оқуда педагог делдал рөлін атқарады, олардың диалогқа белсенді қатысуға ынталандыруға жауапты (Mjør, 2009)[15]. Осылайша, балалар кеңейтілген дискурстарға қатысады (Dickinson, Tabors, 2001) [17], бұл әсіресе олардың тілінің дамуына ықпал етеді деген. Зерттеушілер педагогтің рөлі-осындай диалогтарды бастау және қолдау (Burger, 2015) [17], мәтінге қатысты зерттеу сұрақтарын (Gjems, 2007) [18], тікелей контекстен тыс сұрақтарды (Smith, Dickinson, 1994) [19] қолдана отырып, оқиғаны дамыту үшін кідіріс жасау, бақылау және сөздерді, оқиғаны нақтылап отыруы қажет деген. Соның ішінде Smith, Dickinson зерттеуі бойынша 4 жастағы балалардың кітаптарды талқылау және кітапты оқудан жинаған тәжірибесі, балалардың сөздік қоры және оқығанды түсінуге бір жылдан кейін бақылағанда өскендігін көрсеткен[19]. Bleakly (2012) [20] пікірі бойынша дауыстап оқу дауысты тану, түсіну және баспа туралы хабардар болу дағдыларын қалыптастырады. Оның пайымдауынша, педагог әр бетте мәтіні көп емес кітаптарды таңдауы және олар әбден түсінгенше кітапты бірнеше рет оқуы керек.


Педагогтер кітап оқу стратегияларын қолданудың бірнеше түрлерін білуі керек. Олар балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, ынталандыру және ескеру үшін кейбір оқу стратегияларын қолдана алады (Zucker, Ward, Justice, 2009) [21]. Bosch K., Blamey K., Walpole S (2012))[22] авторлары мектеп жасына дейінгі балалар дауыстап оқудың ұзақтығы әр түрлі болуы мүмкін деп санайды; дегенмен, ұзақтығы әдетте 15-тен 25 минутқа дейін. Ғалымдар дауыстап оқуда мына жағдайларды ескеруді ұсынады: баланың қызығушылығына сәйкес кітапты таңдау; ынта қойып, мәнерлі оқу; кітаптың мазмұнына сәйкес түрлі әдістер қолдану; оқығаннан кейін мәтіннің негізгі идеясын сипаттап беру; балалардан мәтін туралы не ойлайтынын сұрау, сұрақтар қойып әңгімеге тарту (2012, 5 - бет). ауызекі сөздерге келісім ("Иә"), келіспеушілік ("жоқ"), түсініктеме беру туралы өтініштер және кеңестер ("не?"). Кітап оқудың нтерактивті оқу түрін кеңінен қолданған жөн. Кітапты интерактивті оқу-бұл бала үшін оқуды қызықты етудің тамаша тәсілі. Оқиғаны оқып жатқанда, әңгіме туралы сұрақтар қою, кейіпкерлерге байланысты әртүрлі дауыстарды қолдану және баладан әрі қарай не болатынын болжауды сұрау. Бұл интерактивті тәсіл оқуды қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар түсіну мен сыни ойлауды жақсартады. Балалардың дағдыларын игеру және оқуды жағымды ету үшін сөздік ойындарды қолдану құндылығын арттырады.

Қазіргі кезеңдегі цифрлық қоғамда балаларға кітап оқып беруде электрондық кітаптарды қолдану кеңірек өріс алды, мобильдік кітапхалардағы кітаптарды қолдану өмір талабы.

Шетел ғалымдарының дәстүрлі кітап оқу мен электрондық кітаптарды балаларға оқып беру арасындағы айырмашылықты, тиімді және тиімсіз жақтарын саралап берген зерттеулері жеткілікті. Көптеген ғалымдар дәстүрлі кітап оқып берудің педагогикалық құндылығына басымдық береді. Біздің еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдарда QR-код кітап оқу, ертегілердің, әңгіме, өлеңдерді тыңдау тәжірибеге енгізілген. Дегенмен, дәстүрлі кітап оқудың тиімді әдістерін, тетіктерін күшейту қажет.

Біздің жоба бойынша эксперименттік алаңдағы балабақшаларда (Алматы қаласы, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау, Петропавлск, Атырау аймақтарында) эмпирикалық зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Педагогтерден (103) алынған сауалнама

алынды. Сауалнамада мынандай сұрақтар қамтылып және нәтижелері төмендегі 1-суретте берілді.



Сурет 1. Балалардың бірлескен кітап оқуға қызығушылығының деңгейі

Ересек топ балаларының педагогтерінен алынған сауалнама нәтижелері. 1-сұрақ бойынша кітап неше рет оқу керек деген сұраққа 70% - аптасына 2-3 рет; 20% күн сайын оқу, ал 10% - аптасына 4-5 рет кітап оқу керек деп жауап берді. 2-сұрақ бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға қанша минут оқу деген сұраққа 40% - 10-15 минут, 40% - 15-20 минут, ал 20% - 10 минут деген ойларын білдірді. 3-сұрақ бойынша педагогтердің 50%-ы сұрақ ашық болу, 20% - ы бұл қызықты сұрақтар, 10% - ы қарапайым және бір жауап сұрақтар болу керек деді. 4-сұрақ бойынша кітап оқып беру кезінде балалардың сөздік қорына ықпал етті ме? деген сұраққа 3-сұрақ бойынша педагогтердің 50%-ы сөздік қоры молайды, 35% - ы күнделікті қолданатын сөздерді есте сақтады, 10% - ы сөзді есте сақтауда қиналады деген жауаптар алынды. Ата-аналар мен олардың балаларының кітапқа деген қызығушылығын, кітапты қабылдау ерекшеліктерін анықтау үшін ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде: ата-аналар балаларға кітапты сирек сатып алады (негізгі "сыйлық" - ойыншықтар, тәттілер); балаларымен көркем және танымдық әдебиеттерді бірлесіп оқуы өте сирек кездеседі, тек бірнеше ата-аналар балалармен оқығандарын талқылайды; бірде-бір отбасы балалар кітапханасына жазылмаған. Ата-аналардың сауалнамаларын талдау көрсеткендей, ата-аналардың 60% - ы балаларға үнемі кітап оқуға тырысады, бірақ негізінен ертегілер ғана оқиды, 15% - ы балаларына танымдық кітаптар оқып береді, ата-аналардың 10% - ы балалармен оқылған шығармаларды талқылайды. Қалғандары дауыстап оқумен шектеледі. Ата-аналар жаңа кітаптарға нашар бағдарланған, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған кітаптар туралы түсініктері өздерінің бала кезінен таныс ертегілермен, аз санымен шектеледі. Сауалнамаға қатысқан барлық ата-аналар (100 %) балаларының кітап оқығанды ұнатқанын қалайды, бірақ олардың қалай оқитыны туралы нақты түсініктері жеткіліксіз, уақыттары жоқ екенін, балаларының кітапқа қызықпайтынын, қазақ тіліндегі көрем шығармалардың жеткіліксіз, балаларды қызықтырматынын айтады.

Біз жоба аясында эксперименттік алаң бағдарламасы бойынша балалардың тілінің даму деңгейін анықтау мақсатында "Ертегі айтамыз" диагностикалық тапсырмалар қолданылды.

Мақсаты: таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуын зерттеу.


Материал: ертегінің иллюстрациялы кітапшасы немесе сюжетті суреттерді, үстел үсті театрын пайдалану.

Нұсқаулық: ертегі сюжеттік суреттер арқылы ұсынылып, сол бойынша балаға сұрақ қойылады. Мысалы: Мақтаңыз бен мысық неге дос болыпты? Мақтаңыз не тауып алады? Нені шақырады? Төмендегі өлшемдермен балааның кітап оқып беруге деген қызығушылығы, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу дағдылары анықталды.

Кесте 1- Орта топтағы балалардың байланыстырып сөйлеуін анықтау көрсеткіштері

№	Орта топ балаларының байланыстырып сөйлеу көрсеткіштері	Ұпайы	Деңгейі
1	Шығарманы тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, шығарма мазмұнын қысқа қайтадан өзбетінше айта алады	3	Жоғары деңгей
2	Шығарманы тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, шығарма мазмұнын тәрбиешінің көмегімен қысқа қайтадан айтады	2	Орта деңгей
3	Шығарманы аяғына дейін тыңдамайды, сұрақтарға жауап беруде суретті көрсетумен шектеледі, шығарма мазмұнын қысқа қайтадан айтып бере алмайды.	1	Төменгі деңгей

Орта топтағы жоғары деңгейдегі эксперименттік топтағы балалардың -20%-ы; ал бақылау тобының балалары -19% (шығарманы тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, шығарма мазмұнын қысқа қайтадан өзбетінше айта алады); орта деңгейдегі эксперименттік топтағы балалардың -35%-ы; ал бақылау тобының балалары -37% (Шығарманы тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, шығарма мазмұнын тәрбиешінің көмегімен қысқа қайтадан айта алады); төменгі деңгейдегі эксперименттік топтағы балалардың -45%-ы; ал бақылау тобының балалары -44 % болды. Нәтижелерді сапалы талдау топтағы балалардың көпшілігінде орташа және төмен деңгейдегілер деп қорытынды жасауға мүмкіндік берді.



Ересек топ бойынша сандық талдауға сүйене отырып, қорытынды жасалды: жоғары деңгей – 35 %-33%; (балалар тәрбиешіні қызығушылықпен тыңдады, сахналауға қатысты, ал естігендерін тәрбиешінің аздаған көмегімен айтылды); орта деңгей - 33%-30% құрайды; (балалар кітап оқығанда ықыласпен тыңдады, бірақ кітаптан оқығандарын ойнауда қиындықтар туындады. Сахналау бұл балаларға қиын, педагогтің кеңестерімен болды) төмен деңгейді – 32%-37 % құрайды. (Балалар кітапты оқуды алғашқы 10 минутта ғана мұқият тыңдады, содан кейін алаңдай бастады, қозғала бастады, жолдастарына кедергі келтірді. Оқуды ойнату кезінде кітаптан тек жеке сөздерді, кейде екі сөзден тұратын сөйлемді атай алады. Сахналаудан бас тартылды). Кейбір балалар (15%) үйде кітаптарды аз және сирек оқып беретінін, сүйікті кітабын, сүйікті кейіпкерін атауға қиналды. Балалардың 60% - ы үйде көптеген кітаптар бар екенін айтты, сүйікті кітаптарын, сүйікті кейіпкерін атады, бірақ бәрібір теледидар көру немесе компьютер ойнау оларға көбірек ұнайды. Балалардың тек 15% үйде жиі кітап оқитынын айтты, ересектер оқығанда

тыңдағанды ұнатады. Барлық балалар оқуды үйренгісі келетінін айтты. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей балалардың кітапқа деген қызығушылығын, ересектердің балаларға кітап оқып беру біліктілігін арттыру үшін семинарлар жүргізіліп, кеңестер берілді. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға кітап оқып беруде белгілі бір тетіктерді негізге алған жөн. *Біріншіден*, мәтінді оқып беру, бірақ мәтінді сөзбе сөз оқу міндетті емес, кейбір сөздердің жеңіл тілмен жеткізу; *екіншіден*, кітаптағы иллюстрацияны, суретті көрсету немесе сипаттау (кітапқа қатысты сұрақтар ("бұл доп", "құлын қайда тұр?«); *үшіншіден*, тақырыпты кеңейтіп жеткізу (мысалы, баланың өз тәжірибесімен байланыстыру, көргендерін еске түсіріп); *төртіншіден*, баланың мінез-құлқын немесе назарын кітапқа бағыттау және соған сәйкес сөздерді қолдану ("ойланып отыр"); *бесіншіден*, түсініктемелер - бала, ата-ана немесе кітап және кейіпкер, сөздер туралы мәлімдемелер беріледі ("сен жақсы тыңдаушысың", "маған бұл кітап ұнайды"); *алтыншыдан*, ауызекі сөздерге келісім ("иә"), келіспеушілік ("жоқ"), түсініктеме беру туралы өтініштер және кеңестер ("не?») деген жауаптар алуға болады. Кітап оқуды түрлендіріп отыру қажет. Мәселен,

1. Бір шығарманы оқу немесе айтып беру.

2. Бір тақырыпқа байланысты (қыс, жануарлар туралы өлеңдер мен әңгімелер оқу) немесе кейіпкерлерге байланысты (түлкі туралы ертегілер) бірнеше шығармаларды біріктіріп оқу. Бір жанрдағы шығармаларды (екі әңгіме) немесе бірнеше жанрды (жұмбақ, әңгіме, өлең) біріктіру, мұндай жағдайда олар бір жаңа және бұрынғы таныс материалды біріктіру, еске түсіріп оқып беру.

3. Әр түрлі өнер түрлеріне жататын шығармаларды біріктіру.

4. Әдеби шығарманы оқып беру және картинаны қарау; кітап оқып беру және оны музыкамен үйлескен оқу (поэтикалық шығарма).


5. Көрнекі материалды қолдана отырып оқу және айту (ойыншықты қолдану, үстел үсті театры, мультфильм түсіру).

6. Көркем шығармалардың суретін салу, жапсыру немесе кітап жасау.

7. Кітап оқуды баланың барлық іс- әрекетімен интеграциялау, ойын арқылы ұйымдастыру. Мынандай қолданылатын тәсілдер ұсынылды:

- мәтінде кездескен балаларға түсініксіз сөздерді түсіндіру;
- кейіпкерлердің іс – әрекеттеріне этикалық баға беру сөздерін енгізу;
- балалардың назарын мәтіннің грамматикалық құрылымдарына аудару, оларды синонимдес сөздерімен ауыстыру;
- екі шығарманы салыстыру, олардың екіншісі біріншісінде басталған тақырыпты жалғастырады және нақтылайды немесе екі кейіпкердің ұқсас жағдайларындағы мінез-құлықты салыстырады-оң және теріс іс-әрекеттерін атай алады. Осы бағыттағы жұмыстардан кейін эксперимент нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа деген қызығушылығы артып, әңгімелесу және әңгілеп айтып берулерінде өзгерістер болды. Оны төмендегі суреттен көре аласыздар.

Орта топты жоғары деңгейдегі эксперименттік топтағы балалардың -35 %-ы; ал бақылау тобының балалары -25% (шығарманы тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, шығарма мазмұнын қысқа қайтадан өзбетінше айта алады); орта деңгейдегі эксперименттік топтағы балалардың -33%-ы; ал бақылау тобының балалары -35% (Шығарманы тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, шығарма мазмұнын тәрбиешінің көмегімен қысқа қайтадан айта алады); төменгі деңгейдегі эксперименттік топтағы балалардың -27%-ы; ал бақылау тобының балалары - 40 % болды. Нәтижелерді сапалы талдау топтағы балалардың жоғары деңгейдегілердің көбейгенін, орта және төмен деңгейдегілердің азайғанын байқаймыз. Оның себептерінің бірі атап кетуге болады Алматы қаласындағы №187 балабақшада балалардың түскі ұйқы алдында ата-аналарының аудиоға жазылған ертегісі оқылады. «Бүгін Ернардың анасының ертегісін тыңдаймыз» деп атап, сосын ертегіні тыңдайды. Бұл бала үшін мақтаныш, екіншіден ата-аналардың үйде ертегі оқуға жауапкершілігін арттырады. Әрбір ертегіні оқыған сайын жаңа сөздермен таныстырып, оны күнделікті өмірде қолдану дәстүрге айланды.



Ересек топ бойынша сандық талдауға сүйене отырып, қорытынды жасалды: жоғары деңгей – 44 % -35%; (балалар тәрбиешіні қызығушылықпен тыңдады, сахналауға қатысты, ал естігендерін тәрбиешінің аздаған көмегімен айтылды); орта деңгей - 30%-38% құрайды; (балалар кітап оқығанда ықыласпен тыңдады, бірақ кітаптан оқығандарын ойнауда қиындықтар туындады. Сахналау бұл балаларға қиын, педагогтің кеңестерімен болды) төмен деңгейді – 26%-32 % құрайды.

Бұл топтағы балалардың кітапқа қызығушылығының артуы, қайтадан айтып беруі кітап оқып беру кезеңдерін сақтауы және түрлі әдістерді кітаппен таныстыру, кітапты оқып беру, дауыстап бірге оқу, кітаптың иллюстрациясымен оқу, театрландыру жұмыстары жолға қойылуына байланысты болды. Мысалы, балаларға «Жылан мен тышқан» ертегісін тыңдап, балаларға сұрақ қойылды. Балалар естігені бойынша жауап берді? Інінен айырылған тышқан неге келді? Олар тышқанға қандай ақыл берді? Қайғырып келе жатса, алдынан кімді көрді? Тышқан жыланнан кегін алу үшін қандай айла тапты? Тышқан жыланнан қалай кегін алды? Бұл ертегіні тыңдай отырып, балалар «айла», «әділдік», «кек», «ін», «кісі», «шалқасынан» деген сөздерді үйренді. «Адам» деген сөздің синоним сөзі «кісі» дегенін түсінді. Соның ішінде «шалқасынан» деген сөзді ойын әрекетінде, түрлі жағдаяттар тудырып дербес әрекеттерінде қолданылды. Отбасына да жаңа сөздер үйретілгені туралы, оны қолдануы қажеттілігі ескерілді. Сонымен қорытындылап айтқанда, жүргізілген зерттеу жұмыстары мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру, сөздік қорын, грамматикалық сөйлеуін қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту мәселелерін шешуде әлі де мынадай бағыттар бойынша жұмысты болжайды: тілдік ортаның сапасын арттыру; кітап бұрышын балалардың қызығушылығына, қажеттіне қарай ұйымдастыру; кітап оқып беру бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстардың тиімді жолдарын зерттеу; интеграция тәсілдемесімен балалардың барлық әрекетінде үйлесімді байланыстырып қолдану, күнделікті өмірмен байланыстыру қажет деп санаймыз.

Алғыс білдіру. Аталған мақала Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 2023-2025 жылдары жүргізілетін AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/npa/2023/04/kz_1304.docx

2. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым [Мәтін] : Педагог, журналист, әдебиетші Нәзіпа Құлжанованың мұрасы / Құлжанова Н. - Алматы : Рауан, 1993. - 168 б.
3. Андросова В.Н. Развитие интереса к поэзии у детей старшего дошкольного возраста в условиях детского сада: Автореф.дисс. .канд.пед.наук. Алма-Ата, 1969. - 16 с.
4. Баймұратова Б.Б Сәбилердің сөздік қоры мен сөз игеру ерекшеліктері: Пед.ғыл. канд. дисс.авторефераты. Алматы, 1970 - 20 б.
5. Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеу тілін дамыту: пед. ғ. канд. дисс. авторефераты–Алматы., 1993.- 18 б.
6. Живое слово в дошкольном учреждении: Учебное пособие для дошкольных отделений педтехникумов и педвузов / Е.А. Флерица. - М.: Гос. учеб.-пед. изд-во, 1933. - 56 с.
7. Тихеева Е.И. Развитие речи детей (раннего и дошкольного возраста). Пособие для воспитателей дет. сада / Под ред. Ф.А. Сохина. 5-е изд. М.: Просвещение, 2012. 159 с.
8. Коница М. М. Роль картинки в обучении родному языку детей старшего дошкольного возраста // Изв. АПН РСФСР. М. -И. , 1948. -С. 145-176.
9. Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников. – М., 2001.
10. Акулова О.В. Развитие выразительности речи старших дошкольников в играх по мотивам фольклорных произведений. [Текст] / О.В. Акулова // Игра и дошкольник / под ред. Т.И. Бабаевой, З.А. Михайловой. – СПб.: «Детство–Пресс»,2004. – 192 с
11. Hopkins, B. (2009). A selection of books for preschoolers . Source: Helium by hyperlink "http://www.helium.com/items/1540097-choosing-books-for-preschoolers
12. Chall, J. S. (1983). Stages of reading development. New York: McGraw-Hill.
13. Curtaines, H. and Dahlberg, K.A. (2004) Languages and children: the search for conformity. Boston: Pearson Education.
14. Bruner, J. S. (1983). Education as social invention. Journal of Social Issues, 39(4), 129–141. <https://doi.org/10.1111/j.1540-4560.1983.tb00179>.
15. Mjør, (2009). Høgtlesar, barn, bildebok: vegar til meining og tekst (Ph.D.)University of Agder, Kristiansand
16. Dickinson, D. K., & Tabors, P. O. (Eds.). (2001). Beginning literacy with language: Young children learning at home and school. Paul H. Brookes Publishing Co.
17. K. Burger Effective early childhood care and education: Successful approaches and didactic strategies for fostering child development European Early Childhood Education Research Journal, 23 (5) (2015), pp. 743-760
18. L. Gjems Hva lærer barn når de forteller? Barns læringsprosesser gjennom narrativ praksis Fagbokforlaget, Bergen (2007)
19. M.W. Smith, D.K. Dickinson Describing oral language opportunities and environments in Head Start and other preschool classrooms Early Childhood Research Quarterly, 9 (3-4) (1994), pp. 345-366
20. Bleakley, T. (2012). How to Read Aloud Books for Preschool. Retrieved from http://www.ehow.com/how_5903211_read-aloud-books-preschool.html
21. Zucker, T. A., Ward, A. E., & Justice, L. M. (2009). Print referencing during read-alouds: A technique for increasing emergent readers' print knowledge. ERIC 63 (1), 62-72
22. Bosch, K., Blamey, K. and Walpole, S. (2010). Effective reading aloud for Early literacy Development: A guide for preschool and first grade teachers. Source: <https://books.google.hn/books?>
23. Жиенбаева С.Н, Адамова М.Е, Жубандыкова А.М., Тезекова О.Т. Сәби шақтағы балалардың сөздік қорын дамытудың педагогикалық шарттары// Gumilyov Journal of Pedagogy. 2025, №1 (150)